



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№03 (185), СӘУІР, 2025



Геолог күні құтты болсын!

Құрметті геолог әріптестер!

Сіздерді төл мерекелеріңіз – ҚР Геологтар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Геология саласында еселі еңбек етіп келе жатқан Сіздер геологиялық жұмыстарды табысты атқаруға бар күштеріңізді салып, жер қойнауын барлау, мұнай-газ қорларын көбейту, өндіріс көлемін арттыру сияқты жауапты міндеттерді абыройлы атқарып келе жатырсыздар. Сіздердің кәсіптік шеберліктеріңіз, білімдеріңіз бен тәжірибелеріңіз алға қойылған міндеттерді шешіп, көздеген мақсаттарға жетуге оң септігін тигізуде.

Алдағы уақытта да жоғары жетістіктерге жетіп, компания кен орындарындағы мұнай қорын ұлғайтуға мол үлес қосатындарыңызға сенімдіміз.

Сіздерге зор денсаулық, жұмыстарыңызға сәттілік, мол табыс, отбасыларыңызға баянды да берекелі өмір тілейміз!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

В честь профессионального праздника — Дня геолога — в Министерстве промышленности и строительства Республики Казахстан состоялась торжественная церемония награждения ведущих специалистов отрасли.

Согласно указа Президента Республики Казахстан Қасым-Жомарта Кемелевича Токаева, за особые заслуги в развитии минерально-сырьевого комплекса страны нагрудным знаком «**Ерен еңбегі үшін**» была награждена Исмаилова Гулшат Нуралхановна — начальник отдела геологии Департамента геологии и разведки ММГ.

Ерсайын Нагапсбаев подчеркнул неограниченный вклад казахстанских геологов в обеспечение устойчивого экономического развития, раскрытие ресурсного потенциала страны и подготовку высококвалифицированных специалистов.

Гулшат Нуралхановна после окончания университета в 1996 г. начала работать в Институте геологических наук имени К. И. Сатпаева, проработав до 2002 г. В 2003 -2010 гг. трудилась в проектно-институте АО «КазНИПИмұнайгаз», начав с должности инженера и пройдя путь до директора департамента геологии и геофизики. Выполняла проекты по подсчету запасов, переводу категорий, проведению оценочных работ и другим ключевым направлениям.

С 2010 года по настоящее время, с ее участием были пересчитаны и переведены запасы нефти по всем месторождениям компании, успешно реализованы программы бурения оценочных скважин, внедрены современные методы геологического моделирования.

Гулшат Исмаилова как ведущий геолог со стажем порядка 30 лет, имеет ряд государственных наград, в том числе звание «Отличник разведки недр Республики Казахстан».



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Қаламқаста кәсіподақ комитетінің есеп беру жиыны өтті



28 наурыз күні Қаламқас кенорнында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы жұмысшыларының жергілікті Кәсіподақ комитеті бір жылдық жұмыстың қорытындысын шығарып, есеп беру жиынын өткізді. Іс-шара барысында кәсіподақ төрағасы Әсет Кенжеш ұжым алдында атқарылған жұмыстарды саралап, ұжымдық шарттың орындалу барысын талқылады. Сондай-ақ, мұнайшылар көкейінде жүрген сауалдарын қойып, маңызды мәселелер бойынша пікір алмасты.

Жиын барысында кәсіподақ қызметіне белсене араласып, еңбек ұжымының құқықтары мен мүдделерін қорғауда үлес қосқан бірқатар мұнайшылар мен техникалық инспекторлар арнайы марапатқа ие болды. Бұл құрмет олардың еңбегін бағалау ғана емес, сонымен қатар ұжымдық бірлікті нығайтуға бағытталған игі қадам екені анық.

Жиын соңында мұнайшыларға ауызашар ұйымдастырылды. Берекелі дастарқан басында әріптестер қауышып, бейресми жағдайда әңгіме

өрбітіп, өзара ынтымақтастықты одан әрі арттырды. Іс-шараға арнайы шақырылған имам жиналғандарға ізгі тілегін арнап, қасиетті Рамазан айының маңыздылығын атап өтті.

Кәсіподақ ұйымы – тек еңбеккерлердің әлеуметтік құқықтарын қорғайтын құрылым ғана емес, сонымен қатар ұжымдық ауызбіршілік пен ортақ құндылықтарды дәріптейтін ұйым. Бұл жиын – мұнайшылардың ынтымағы мен ортақ мүддеге негізделген жүйелі жұмыстың айқын дәлелі.



«Жетібаймұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасы сайланды

1 сәуірде Жетібайда «Жетібаймұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің есеп беру-сайлау жиналысы өтті. Жиынға өндірістік басқарманың әр цехынан сайланған делегаттар, кәсіподақ төрағалығына үміткерлер, сондай-ақ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен кәсіподақ комитетінің өкілдері қатысты.

Жиынды кәсіподақ комитетінің төрағасы Бекес Құлмұрынов ашып, күн тәртібін жариялады. Алдымен ол атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беріп, кәсіподақ қызметінің негізгі бағыттары мен жетістіктеріне тоқталды. Оның баяндамасында еңбек жағдайларын жақсарту, ұжымдық шарттың орындалуы, әлеуметтік қолдау шаралары және кәсіподақ қаражатының тиімді жұмсалыуы басты назарда болды.

Жиналысқа арнайы келген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Отаров, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы Бақзат Сансызбаев және кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәди Кентанов сөз сөйлеп, кәсіподақтың маңыздылығына тоқталып, ұжымдағы бірлік пен ынтымақты нығайтудағы рөлін атап өтті. Сонымен қатар, олар зейнеткерлікке шыққан Бекес Құлмұрыновқа ұзақ жылғы еңбегі үшін алғыс білдіріп, жылы лебіздерін жеткізді.

Кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасын сайлау барысында 7 үміткер ұсынылды.



Өндірістік басқарманың әр цехынан келген 24 делегат құпия дауыс беру арқылы өз таңдауларын жасады. Сайлау нәтижесінде ең көп дауыс жинаған №1 мұнай-газ өндіру цехының 5-дәрежелі операторы Айбек Ералыұлы Намаз кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайланды.

Жаңа төрағаны сайлануымен құттықтай отырып, ұжымның әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау жолындағы қызметіне сәттілік тілейміз!



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ - ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ЖАҚСЫЛЫҚ

Қасиетті Рамазан айы – жүректер мейірімге, пейіл кеңдікке толатын берекелі уақыт. Осындай рухани тазару айында Қаламқас кен орнының мұнайшылары игі дәстүрді жалғап, тағы бір мұқтаж жанға көмек қолын созды.

2025 жылдың 21 наурызы күні Қаламқасмұнайгаз кен орнының мұнайшылары Тұщықұдық ауылындағы Айдар Ишан атаның руханият үйінде ауызашар дастарханын жайды. Кешке арнайы шақырылған қонақтардың қатарында белгілі шығыстанушы, ағартушы, «Отбасы хрестоматиясы» жобасының авторы Санжар Керімбай да болды. Ол жиналған жұртшылыққа ұлттық құндылық, рухани сабақтастық, имандылық төңірегінде тағылымды әңгіме айтып, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Бірақ бұл кеш тек ауызашармен ғана шектелмей, жүрекке жылы сыйлаған ерекше оқиғамен есте қалды. Өткен жылы Қаламқас мұнайшылары Шетпе ауылындағы мұқтаж отбасыға баспана алып берсе, биыл Жармыш ауылының тұрғыны, тағдырдың сынына төтеп беріп келе жатқан Бекзат Салауатқызына үйдің кілті табысталды.

Бекзат Салауатқызы – 1977 жылы туған, жұмыссыз, 2-топтағы мүгедек. Көру қабілетінен айырылған ана 2020 жылы өмірлік серігінен көз жазып қалып, екі баласымен бірге ескі времянкада өмір сүріп келген. Оның “баспаналы болсам” деген арманы осы

кеште орындалып, жүрегі мейірімге толы азаматтардың көмегімен жаңа үйге қол жеткізді.

Қайырымдылық кешінде сөз сөйлеген Ақылбек Тасқара, Нұрадин Керімов, Марат Сибасов бұл игі істің мән-маңызына тоқталып, мұнайшылардың осындай берекелі бастамалары көпке үлгі болатынын айтты.

Ораза кеші кең дастарханмен жалғасып, 200-ге жуық адам ауыз ашты. Руханият үйінің ауласына жаңадан 10 түп жеміс ағашы отырғызылып, көктемнің шуақты күніне көрік берді. Бұл – тамырын тереңге жайған дәстүрдің, болашаққа қалдырылған шапағаттың бір белгісіндей еді. Қасиетті айда жасалған сауапты амалдарды қолдап, халықты бірлік пен ынтымаққа шақырып жүрген Орынжан ағамыздың да бұл шараға қосқан үлесі орасан.

Қаламқас мұнайшылары екінші жыл қатарынан өз еріктерімен қайырымдылық жасап, бір шаңыраққа шаттық сыйлады. Бұл тек материалдық көмек емес, үлкен жүректен шыққан ізгілік, елді бірлікке үндейтін өнеге еді.

Сауапты іске себепкер болған барша азаматтарға Алла разы болсын!



АҒА ҰРПАҚҚА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

28 наурыз күні «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ қызметкерлері Ақтау қаласының №2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында (Қарттар үйі) болып, компанияның кәсіподақ комитеті атынан орталықтағы қарттарды Наурыз мерекесімен құттықтады. Ізгі тілектерін білдіріп, сыйлықтарын табыстады.

Мұнайшылардың көрсеткен сыйсияпатына көңілдері көтеріліп, риза болған қариялар, оларға, көңіл бөліп құрмет көрсеткендері үшін, ақ баталарын беріп, алғыстарын жаудырды.



ИГІ ІСТЕ САУАП БАР

Қасиетті Рамазан – мейірім мен сауапты істердің еселенетін айы. Осы орайда “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ мұнайшы жастары «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының қолдауымен Ақтау қаласындағы бас мешіттерге 1000 дана ауыз су жеткізіп, игі бастамаға үлес қосты.

Мешітке жиналған жамағат пен ауызашарға келген қонақтардың ыңғайы үшін блогымен жеткізілген сулар Рамазан айының қадір-қасиетін сезінуге себеп болды. Имамдар мұнайшы жастардың сауапты ісіне ризашылықтарын білдіріп, ізгі тілектерін арнады.

Ниетпен жасалған әрбір қайырымды іс – қоғамның рухани дамуына қосылған үлес. Мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табары сөзсіз.



АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ГЕОЛОГ

Өткен ғасырдың елуінші жылдарында Маңғыстау түбегінің жер асты қабаттарынан мұнай, газ қорларын іздестіруге мемлекет тарапынан қыруар қаржы бөлініп, жаппай геологиялық барлау және бұрғылау жұмыстары басталды. Кездескен барлық қиыншылықтарға мойымай, өлкенің жер асты байлығы «қара алтын мен газ қорларын» талмай іздеп, тауып, оны халық, ел мүдесіне жаратуға орасан зор еңбек сіңірген мұнайшылар қауымы, анығын айтқанда олардың алдыңғы сапында жүретін тобы - геологбарлаушылар еді.



Сол бір тарихи кезеңде МНГР бас геологы басқарған мамандар тобы, жаңа барлау алаңдарынан табылған кен орындарының өндірістік қорлары бойынша, есептелінген геологиялық жобалар мен анықтамаларды КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қор комитетінің мамандары талқылауына ұсынып, оны олар өткізіп, жоғарғы бағам бекітті. Осы жобаларды дайындау тобының жетекшісі және басшысы МНГР тресінде 32 жылдан астам уақыт бойы бас геолог болып еңбек еткен Валентин Петрович Токарев болатын, егер тірі болғанда биыл ақпанның 28-інде 100 жасқа толар еді. Жүзден астам құрылымдарда барлау, іздестіру жұмыстарын жүргізіп, оның 25-інен жаңа мұнай, газ кен орындарын ашуда бас геологтың атқарған қызметі айтпаса да түсінікті. Оның еңбек жолы, бағындырған асулары, «жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен», ежелгі Маңғыстаудың бүгінде Қазақстанның шапшаң қарқынмен дамып келе жатқан экономикалық аймақтарының біріне айналуына тікелей байланысты.

В.П.Токарев Лениндік сыйлықтың лауреаты, Ленин, Халықтар достығы, Құрмет ордендерінің иегері, барлық атақтары мен дәрежелерін жаза берсе, газет бетіне сыйы екі талай.

Тірісінде атағы жер жарып, халқы құрметтеп, аты аңызға айналған бұл кісі туралы бірнеше кітаптар жазылды, одақтық және салалық журналдарда талай мақалалар басылды, кинофильмдер шығарылды, замандастары кейінгілерге құнды естеліктер қалдырды. Қалай болғанда да, Маңғыстау мұнайы, газы туралы сөз бола қалса, бұл кісінің есімі міндетті түрде айтылатын сөсіз.

Өмір жолдары туралы деректер келтіргенде биыл Ұлы Отан соғысының 80 жылдығы қарсаңында міндетті түрде сол жылдардағы еңбегін еске сала кеткеніміз дұрыс болатын шығар. 1942-ші жылдың тамыз айынан бастап, 17 жасқа жаңа толған оны КСРО ІҚК-нің аэродром құрлысы жөніндегі бас басқармасына қарасты №555 батальонына алынып, әскери құрылысшы болды.

Махашқала маңында салынып жатқан аэродром құрлысында қатысты, кейіннен бұл үлкен әуежайға айналды. Астрахань-Саратов мұнай құбыры және Гурьевте мұнай айыру зауыты, «жылгородтық» салушылар ішінде жүрді. 9 мамыр жеңіс күнін 1945-ші жылы Мәскеудегі есепшілер курсына оқып жүріп, қарсы алды. 1946-шы жылы әскер қатарынан босап, Грозный мұнай институтына оқуға түсті. 1952-ші жылы геолог мамандығы бойынша бітіріп, жұбайы Нина Ивановна Токаревамен «Казакстаннефть» бірлестігіне қарасты «Казнефтегазразведка» тресінің геологиялық іздестіру конторына (ГПК) мамандықтары бойынша орналасты. Жантай, Ақнияз, Қара арна алаңдарында далалық жұмыстарға қатысты. 1954-1956 жылдарда В.П.Токарев Маңғыс-тауда Қараша-Таспап алаңындағы геологиялық картаға түсіру және құрылымдық бұрғылау партиясына бастық болып, ол жерлерді картаға түсіру, зерттеу жұмыстарын аяқтады. КСРО Министрлер Кеңесінің 12.12.1956 жылғы №1625 қаулысы, КСРО мұнай министрлігінің 15.01.1957 жылғы бұйрығына сәйкес, «Казакстаннефть» мұнай бірлестігінің бастығы С.Өтебаев бұйрығымен Форт-Шевченко қаласында құрылып жатқан «Маңғыстау мұнайгаз барлау» (МНГР) тресіне бас геолог болып тағайындалды. Бұл арада сұрақ туады, арада 2 жыл өтпей-ақ, 1959 жылы МНГР тресі негізден Геология министрлігіне берілді дегенге келсек, оны марқұм В.П.Токарев былай түсіндіретін. Бірлестік және мұнай өндіру басқармалар басшылары бірінші кезекте күнделікті өндірілген мұнай көлеміне тікелей жауап беретіндіктен, жұмыс жасап тұрған кен орнының маңына жақын орналасқан құрылымдарды зерттейді. Сәті түсіп, мұнай, газ табылып жатса, қасынан көп шығынға бармай-ақ тездетіп қосып, қажетті материалдық «қара алтын» мөлшерін кемітпей, мемлекеттік жоспарды орындауға тырысады. Сібір, Маңғыстау сыяқты алыс барлау алаңдарына шығу материалдық шығындар мен адам күшін көптеп талап етеді, тіпті мұнай табылғанның өзінде де оны игеру, басқарма, бірлестік басшыларына оңайға тимейді. Одақтық геология министрлігі академик А.Сидоренконың мына айтқаны есте қалыпты: «Жалпы, әрбір ел жоспарлы түрде өз күшімен дамуы үшін, оның 10-15 жылға жететін, барланған минералдық-шикізат қоры болуы керек. Себебі, оны игеруге жоғарыда көрсетілгендей уақыт жұмсалыады. Ол жерге жолдар салу, транспорт коммуникацияларын, жоғарғы кернеулі электр жүйесін тарту, елді мекендерді тұрғызу және басқа да жұмыстарды атқару керек». Міне, осындай себептермен «қара алтынды» барлау және іздестіру жұмыстары мұнай министрлігінен алынып, геология министрлігіне берілді. Құрамында МНГР тресі бар, «Казакстаннефть» бірлестігіне қарасты «Казнефтегазразведка» тресі 1959 жылы Батыс Қазақстан геоло-



Н.Имашев, Ж.Өзбекқалиев және В.Токарев - 1966 жыл

гиялық басқармасы (ЗКГУ) деген атпен одақтық геология министрлігінің құрамына қосылды. Басқарманың негізгі міндеті-алыс барлау алаңдарына шығып, мұнай, газ кен орындарын іздеу, табу, жалпы қоры, оның ішінде өндірістік пайдалану қорын есептеп, КСРО Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қор комитетінде қорғап, бекіту. Бекітілген қорлар негізінде ол жерлерден мұнай, газ өндіру мұнай министрлігіне тапсырылатын. Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті Қаржы министрлігіне тапсырма беріп, кеңістің «қара алтын» мөлшеріне байланысты мұнайшыларға тиісті қаражат, ең аяғы сегеге дейін, қажетті материалдық ресурстар бөлетін. Көпшілік қауымға, газат оқушыларына мұны білген артық болмайтын шығар.

1961 жылы Жетібай, Өзен кен орындары, ал оларға ілесе кейінгі жылдарда бірінен соң бірі Шығыс Жетібай, Ақтас, Қарамандыбас, Теңге, Тасболат сияқты кен орындар ашылды. Осы «геологиялық ашулар» нәтижесінде мұнай өндіретін және тасымалдаумен айналысатын «Мангышлак-нефть» бірлестігі өмірге келді. 1966 жылы трест Еңбек Қызыл Ту орденімен, трест басқарушысы Х.Ж.Өзбекқалиев, бас геологы В.П.Токарев, Өзен барлау экспедициясының бас геологы Х.Махамбетов және басқарушына Лениндік сыйлық лауреаты деген атақ берілді. 1963 жылы мұнай мен газдың өндірістік қорын анықтау жөнінде өндірістік-техникалық комиссия құрылды. Комиссия құрамына КазНИГРИ-ден С.Е.Шақабаевтың басшылығымен Е.Воцалевский, А.Шаховой, В.Иванов, МНГР-ден В.Токарев, П.Корсунь,

В.Савин, В.Светик, В.Космедемьянский енді. Есептеу жұмыстары В.П.Токаревтың тікелей басшылығымен Өзенде 13 барлау ұңғысында зерттелген 13-19 өнім горизонттары бойынша жүргізілді, нәтижесінде кен орнының геологиялық қоры 1,15 миллиард тоннаға жетті. Қоры жағынан Өзен кен орны КСРО-дағы Ромашкино, Сібірдегі Самоотлордан кейінгі алыптардың қатарына жатқызылды. Бурын одақтық геология министрлігі болған, КСРО Мемлекеттік қор комиссиясының төрағасы И.Малышовтың басшылық етуімен өткен бұл отырыста, кен орнының өндіру коэффициенті 45 пайыз деп келісілді, бірақ Маңғыстаудың алыстығы, оның жете зерттеліп болмағандығы ескеріліп, уақытша мерзімге 25 пайызға дейін төмендетілді. Өзен алаңы бойынша мұнай-600 млн.тонна, газ - 6 млрд. текше метр деп бекітілді. Кейіннен мұнайшылар күшімен жүргізілген қосымша зерттеулер, В.П.Токарев басқарған МНГР геологтары есебі дұрыстығын растады. Өзенге іргелес орналасқан Қарамандыбастың пайдалану қоры 12-15млн.тн. мұнай, Теңгенікі - 12 млн.тн. мұнай, 41 млрд. текше метр газ, Тасболаттікі - 5 млн. тонна мұнай, Шығыс Жетібайдікі - 7 млн. тн. мұнай, Ақтаскісі 3 млн. тонна мұнай болды.

Ал, биыл Жетібайдағы алғашқы мұнай бұрқағының 64-жылдығы қарсаңында, 1961 жылы 6-шы шілдедегі №9 ұңғыдан тұңғыш атылған мұнай бұрқағының тәуліктік өнімі 400 тн. мұнай, 78221 текше метр газ, қабат қысымы 220-250 атм., температурауы 82 градус болғанын еске түсірген дұрыс болар. Жалпы Жетібай кен орнының өндірістік

қоры 147 млн.тонна мұнай, табиғи газ қоры 32 млрд. текше метр деп берген геологтар есебі өзгеріссіз бекітілді. Осы жүргізілген есептер бас геологтың басқаруымен жүзеге асқандығын бәріміз білеміз десек, одан біз қателеспейміз. Кен орнын қабылдап алған мұнайшылардың геологиялық қызметі мамандары 2-3 жыл бойы В.П.Токаревпен хабарласып, ақыл кеңес алып жүргенін талай рет көруге тура келді.

В.П.Токарев өміріндегі үлкен белес - бұл ВНИГРИ және МНГР барлаушыларының бұрын зерттеген, кейіннен әскери полигонға айналған Бозашы түбегінде 1974-1978 жылдарда, бас аяғы 4-5 жыл ішінде Қаражанбас (1974), Солтүстік Бозашы (1975), Қаламқас (1976), Қаратұрын, Арман, Жалғыз төбелерден мұнай, газ кен орындарының ашылуы болды. Бұл кен орындарын ашудағы қиындықтар мен кедергілерді қалай жеңуге тура келгендігі Ә.Спаннның «Х.Өзбекқалиев», Ә. Нұрманов, О.Көшпайдың «Бозашы Маңғыстаудың екінші тынысы», М.Сухамбердиев пен Н. Задерецкаяның кітаптары, қала берді Одақтық, Республикалық және жергілікті баспасөздерде журналистер жан-жақты жазғандықтан, оған тоқталмаймыз. Х.Ж.Өзбекқалиев, В.П.Токарев, Ә.Нұрманов, КазНИГРИ директоры Т.Жұмағалиев басқарған геологтар, инженерлер, ғалымдар тобының бірлескен жемісті жұмыстары нәтижесінде, жоғарыда аталған кен орындарынан мұнай қорының есептелу мерзімі екі еседей қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Мемлекеттік қор комитетінде мұнай өндіру коэффициенті 0,48 деп бекітілді. Бұл, әрине ғылыми есептеуге негізделіп, тәжірибе алаңында сынан өткен, мұнай өндірудің жоғарғы көрсеткіші еді. Қазыналы өлкенің және Еңбек Қызыл Ту орденді МНГР-дің даму тарихы, оның бас геологы В.П.Токаревтың өмір жолдарын бір-бірінен ажыратып қарау мүмкін емес. Мен мұнайшылар қауымы түгелдей біледі деп есептеп, түбегіне оның басшылығымен ашылған кен орындардың атын, ашылу жылдарын шұбыртып жауды артық деп санап отырған жөйім бар.

В.П.Токарев өзіне қол ұшын беріп, ағалық қамқорлық жасап, зор сенім көрсеткен «қазак мұнайының атасы» С.Өтебаевты, «Казакстаннефть» бірлестігінің бас геологы Н.Калинин, Д.Досмұхамбетовты, Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының бас геологы Н.Имашевты, КазНИГРИ директорлары С.Қарымсақовты, Т.Жұмағалиевты өзіне ұстаз санайтынын үнемі айтып отыратын.

Мұнай-газ, геология салаларының басшылары және ғылыми салалық зерттеу институттары ғалымдарымен жеке танысты болу және үлкен сыйластықпен жұмыс жасады. В.П.Токарев қарауында жұмысастас болған мұнай, газ барлау экспедициялары геологтары арасынан көптеген партия, кеңес және шаруашылық басшылары өсіп шықты. Олар: Т.Айдарханов, С.Қырымқұлов, Н.Белекбаев, А.Нұрманов, В.Черный, Қ.Махутов және басқалары. Көптеген шәкірттері арасынан В.Савин, Ж.Досмұхамбетов, Қ.Махутов геология-минералогия ғылымының кандидаты, М.Коростышевский, Т.Бадоев, И.Муратовтар - геология-минералогия ғылымының докторы атағын қорғады. Бұл тек тек білетіндер ғана, ал соңғы



Жұма Байболов, Валентин Токарев, Сүйеген Салманов

жылдарда кімдердің қорғағаны маған белгісіз, сірә болуы керек. 1989 жылдан бастап, құрметті еңбек демалысына шықса да, қарап отырмай, екі-үш жылдай КазНИГРИ қызметкері, ал өмірінің ақырына дейін «Казполмұнай» компаниясының консультант кеңесшісі болды. Ақтау, Атыраудағы жаңа кен орындарын бұрғылау және игеру жобаларының қоғамдық тыңдауларына қатысып, өз ұсыныстары мен ескертпелерін айтып отырды. «Казполмұнай», «КАСКО» компанияларының Боранкөл кен орнын игеру және одан тұрақты түрде мұнай өндіруге зор еңбек сіңірді.

В.П.Токарев қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты.1963 жылы бірінші шақырылған Шевченко қалалық кеңесіне депутат, кейінгі жылдарда облыстық «Білім» қоғамына тұрақты мүше, Кеңестер Одағы геологиялық барлау қызметкерлері кәсіподағы Орталық комитеті Пленумына екі дүркін сайланған мүше, әр жылдарда одақтық, республикалық геология саласы журналдары редакциясының құрамында болды.

«Қазақстан мұнай энциклопедиясын» дайындап шығаруға көп тер төкті. Редколлегияның мүшесі ретінде өзі 30 жылдай қызмет жасаған мекемесінің тарихын тынақтады. Өмірден өткен, өлкеніңге белгілі журналист ағамыз М.Сухамбердиев пен жазушы Н.Ю.Задерецкаяға көмектесіп, өзі туралы екі кітаптың өмірге келуіне себепші болды. Ондағы суреттелген оқиғалар, геологбарлаушылардың ерен еңбегі нәтижесінде ашылған «қара алтын» кен орындары және оны ашқан адамдар туралы жазылғандар, яғни МНГР-дің қысқаша тарихы еді. Сонымен бірге, қазір арамызда болмаса да, барлау, іздестіру саласында өзіндік орны бар ағалардың өмір жолдары біршама жүйеге келтіріліп, «Маңғыстаугеология» АҚ-ы кадр қызметкерлері жинаған, жазған мәліметтерді энциклопедия редакциясына мұқият жеткізіп отырды. Нәтижесінде, бірінші басылымның екінші кітабына МНГР-ден 120-дан астам адамның өмір жолдары енгізілді. Сонымен бірге, энциклопедияның бірінші кітабындағы Маңғыстаудағы кен орындар анықтамасы, жер қыртысы қабаттары туралы мәліметтердің сапалы жазылуына өз үлесін қосты. Осы еңбектері үшін ҚР энергетика және минералды ресурстар министрлігі Құрмет грамотасымен марапаттады.

В.П.Токарев өткен ғасырдың 90-шыны жылдарынан бастап, Ш.Есенов атындағы Ақтау университетінде мұнай, газ геологиясы туралы дәріс (лекция) оқып, бірнеше жылдар бойы мемлекеттік сынақ алу комиссиясының

төрағасы және диплом жұмыстарына жетекші болды. Болашақ жас геологтарды дайындаудағы еңбегі үшін 2005 жылы университеттің құрметті профессоры атағы берілді.

В.П.Токарев мінезге өте бай, бетінен адамға деген құрмет пен сыйластық есіп тұратын, өмірде сирек кездесетін ғажап адам еді. Бұл туралы Лениндік сыйлық лауреаты, Қазақ КСР геология министрінің орынбасары, бұрынғы трест бастығы Х.Ж. Өзбекқалиев оның 70 жасқа толу мерейтойында: «Валентин Петровичпен 20 жылдай бірге жұмыс жасадым, жалпы мен жұмысқа беріліп жасайтын, мінезім ауыр, ыссы адаммын. Кейде шымдамсыздыққа салынатын реттерінде болып тұрды, бірақ ол кісі сабырлықтың эталоны ғой. Сондықтанда біз, осы уақыт ішінде бір бірімізді түсініп қызмет жасадық. Біресе талқылап, жеміс ағаштарын дәннен отырғызды. Кейіннен гүлденіп, жеміс беретін, әрі дем алатын сая жайға айналды. Жерді өңдеу, жеміс ағаштарын дәннен өсіру, мезгіл-мезгіл отау, күзеу, әртүрлі зыян-кестерден қорғау туралы айтқандарын сая бақтағы көршілері бүгінге дейін жыр қылып айтып жүр. Шынында да барлық жұмысты, оның ішінде жерді қопарып, қопсытуды да өзі атқаратын, сұрағандарға ақыл-кеңес, ең аяғы себуге өзі жинаған тұқымдық дәндерді беретін.

С.Өтебаев - Қазақстан мұнайының атасы: «Мен Валентинді 1954-ші жылы Маңғыстауға, 1957-ші жылы МНГР-ге бас геологке тағайындағанда оның болашағы бар, көрнекті өндіріс ұйымдастырушылары қатарында болатынын дұрыс шамалаппын, әрине оған қуанамын. Бірақ, бір нәрсені білмейтін, оның «Маңғыстау мұнайшы геологтарының атасы болатынын» деген еді.

Қамқа Үмбеталина - Ұлы Отан соғысына қатысушы, Қазақ КСР-нің Еңбегі сіңген геологбарлаушысы: «Валентин Петрович - біздей емес, нағыз интернационал адам. Шынын айту керек, біздер қаншама рет халықтар достығы деп сайрасақ та, көкірегімізде «мен, өз ұлтым» деген түсініктер тұрады. Бүгінгі мерей той иесі, ақсақалымыз, ондай түсініктен ада, ол кісі қасындағыларға бір түсініктен - адамшылық, ізеттік тұрғыдан қарайды. Осынша жасқа келсем де, бұл кісіді гуманист адамды кездестірген емесіңіз».

Жалпы, оның кішіпейілдігі қасындағыларды таң қалдыратын. Жасы 80-нен асса да, мекеме автобусында әйелдерге, жас балаларға ұшып тұрып орын беріп, автобустың есігі қасында тұрғып тұратын. Құжат немесе керекті материалдарды іздеп барсаң, қарауындағыларға тауып бер демей, өзі іздеп, қашан тауып бергенше тыным таппайтын. Жұмыс кабинетіне барғандарға орнынан тұрып, танысын танымасын, үлкен кішілігіне қарамай, жылы қабақпен қарсы алып, қол беріп амандық, саулық сұрасатын. Қандай қиындық болып жатса да, қарауындағыларға дауыс көтергенін көрген емеспіз. Қазір арамызда жоқ, белгілі геолог Ж.Қартбаев

айтушы еді: «Мен Гурьевтегі бірлестік немесе Алматыдағы министрлік аппаратындағы мамандармен телефон арқылы бір нәрсеге келісе алмай, ойымды дәлелдеуге күш салып жатсам, сірә даусым қатты шығып жатса керек, Валентин Петрович қасыма келіп, арқамнан қағып, жымыатын. Менде сабама түсіп, трубканы бере қоятымын. Ол кісі сөйлесуді аяқтайтын да «Жәке саспа, ертеңде күн бар ғой, қайда асығамыз, бүгін түсіңбесе, ертең түсінеді. Ең бастысы материалдарымызды жіберіп үлгерді қой»- деп аяқтайтын.

В.П.Токарев орасан зор еңбекқор адам еді, бұл ерекшелігін тек өндірісте ғана емес, жеке бау-бақшаға күтім жасауда да көретінбіз. 80-ыншы жылдарда МНГР-дің басқа қызметкерлері сыяқты, өздеріне жер телімін алып, Нина Ивановна екеуі оны өңдеді, баптады, жеміс ағаштарын дәннен отырғызды. Кейіннен гүлденіп, жеміс беретін, әрі дем алатын сая жайға айналды. Жерді өңдеу, жеміс ағаштарын дәннен өсіру, мезгіл-мезгіл отау, күзеу, әртүрлі зыян-кестерден қорғау туралы айтқандарын сая бақтағы көршілері бүгінге дейін жыр қылып айтып жүр. Шынында да барлық жұмысты, оның ішінде жерді қопарып, қопсытуды да өзі атқаратын, сұрағандарға ақыл-кеңес, ең аяғы себуге өзі жинаған тұқымдық дәндерді беретін.

В.П.Токарев өмір бойы өзіне ұстаз санаған С.Өтебаев ақсақалмен бір күнде өмірден өтті, жерлеу рәсімі Алматыда Сәкенді жерлеуге қатысқан ел азаматтары, яғни өзінің шәкірттерінің келіп, топырақ салуға үлгеруі үшін Ақтауда бір күнге шегеріліп, өткізілді. Уақыт деген бар ғой, ешкімнің тілегімен санаспайды, өтеді де кетеді, содан бері мінеки 18 жылдай болып қалыпты.

Түбек геологбарлаушылары, облыс мұнайшылар қауымы, түрлі жағдайларда кездескен, қызметтес болғандар, қазір аты аңызға айналған Валентин Петрович Токаревтың Маңғыстауды қазыналы түбегке айналдырудағы ерен еңбегін есінде сақтайды және соның бір көрнісі «Мұнайшы Геологтардың Қазақстандық қоғамы» (КОНГ), Ш.Есенов атындағы Каспий инженерлік университеті осы жылдың 2 сәуірінде мерекелік еске алу шараларын өткізіуі, қатысушылар қабыр басына гүл шоқтарын қойып, университеттің бір оқу аудиториясына ол кісінің атының берілуі.

Сатыбалды Нұрлыбекұлы, геологиялық барлау және мұнай іздестіру саласының ардагері, Қарақия ауданының құрметті азаматы, зейнеткер.

Таза кәсіп – таза аймақ

Бүгінде Еліміздің барлық өңірлеріндегі кәсіпорындар қызметкерлері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясына бір кісідей қатысуда. Біздің мұнайшылар да мұндай игі істен қалыс қалмай қолдарына кетпен-күрегін алып, туған жердің тазалығын сақтауға өз үлестерін қосуда.



Жалпы, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық науқаны аясында өткізіліп жатқан «Таза кәсіп – таза аймақ» іс-шаралары жерлестер туған жер құрметтеуге, табиғатты аялауға, қорғауға, қоршаған ортаны таза ұстауға шақырып, азаматтық жауапкершілікті арттыру, экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Экологиялық іс-шара 23-24 наурыз күндері Қаламқас кен орны аумағында басталып, 3-5 сәуір күндері «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы цехтарының аумақтарында жалғасын тапты.

Сенбілікке белсенді қатысқан қызметкерлердің арқасында Қаламқаста 160 түп, ал Жетібай кен орны

өндірістік цехтарының аумақтарында 315 түп алма, алмұрт және шабдалы ағаштарының көшеттері отырғызылды.

Бұл бастама кен орындарындағы қоршаған ортаның сапасын арттыруға, жайлы жасыл кеңістіктерді көбейтуге оң әсерін тигізеді деп күтілуде. Жыл соңына дейін «Caspian Food» ЖШС мердігері көмегімен барлығы 1207 ағаш пен бұта көшеттерін, сондай-ақ 650 бір жылдық гүлдерді отырғызу жоспарлануда. Бұл бір реттік науқан емес, жоспар бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ аумағында көгалдандыру жұмыстары үздіксіз жүргізіліп, жыл бойы жалғасатын болады.



Энергетика саласының майталманы



Қазыналы түбектің «қара алтын» өндіретін алып қондырғыларды электрмен жабдықтап, қызмет көрсететін «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-

нің білікті басшысының бірі - Жентров Серік туралы айтқымыз келеді. 1973 жылы 20 маусымда дүниеге келген білімпаз бозбала 1995 жылы Алматы политехникалық институтының «инженер-энергетик» мамандығын алып шықты. Бойына энергетика саласының қыр-сырын зеректеген жас маман өзінің алғаш еңбек жолын 1995 жылы Бейнеуде электромонтерліктен бастады. Кейіннен қызметтің диспетчері, соңынан «МӨЭК» АҚ инженері, 2001 жылдан бастап «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-нің Жетібай кенорнында баптау және сынақтау жөніндегі инженері, соңынан ауысым бастығы, 2007 жылдан бастап күні бүгінге дейін «Релелік қорғау, автоматтандыру және сынақтау» қызметінің бастығы болып қызмет атқарып келеді. Жентров Серік тек «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-нің ғана емес, бүкіл Маңғыстау облысының энергетика саласында еңбек етіп жүрген білікті маман, заманауи шебер ұйымдастырушылардың бірі.

Заман ағымына сай, жаңа технологиямен жабдықталған Серіктестіктің дамуында С.Жентровтың жетекшілігімен Қаламқас, Жетібай кенорындарында «Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін» енгізу арқылы бірқатар цифрландыру жобалары жүзеге асты. Әрине технологиядағы бір ғана осы жаңалық релелік қызметтің көп жұмыстарына мұрындық болғандай, жыл басынан МТМ, ТҚ және БТТС электр қозғалтқыштарын басқаруға арналған жиілікті түрлендіргіштермен, сондай-ақ заманауи технологиялық құрылғылармен жабдықталған басқару станциялары пайдалануға берілуде. Осындай жабдықталған электр станциялары цифрланған жоғары технологиялық құрылғыны реттеу арқылы қызмет көрсетеді. Әрине Сәкеңнің бірнеше жылғы қызметте жинаған тәжірибелері іздемпаздығы оның жоғары қабілеттілігін одан сайын ұштауда.

Біліктілік қабілетіне және өз қызметіне деген жоғары жауапкершілігіне баға берген ұжым әкімшілігі Серік Жентровты «МЭМ» ЖШС құрылуының 20 жылдығына орай, «МЭМ» ЖШС Құрмет Грамотасымен, Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерейтойлық медалімен, Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің «Құрметті энергетик» төсбелгісімен, Қазақстан электр энергетикасы қауымдастығының «ЭЛРО жоспарына 100 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттады.

Ширек ғасырлық өмірден түйгендерін қызметтің жарқын кезеңдерінде абыроймен қолданып, адал еңбектің сырымен бөлісе білетін Серік әріптесіміздің қызметіне жарқын болашақ пен мәнді ғұмыр тілейміз.

Сарсенгалиева Р.С.
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС
әлеуметтік-әкімшілік маманы

Я - ЖЕНЩИНА, И Я - НЕПОБЕДИМА

Современной представительнице прекрасного пола нужно уметь справляться с множеством ролей: мамы, жены, любящей женщины, при этом быть активной и успешной в своей трудовой деятельности.

Нагрузка на ее организм повышается многократно, сказывается несбалансированное питание, стрессы, экологическая обстановка, профессиональные вредности. Именно поэтому женщине, как важному социальному звену, необходимо внимательно относиться к своему здоровью.

О женском здоровье нужно начинать заботиться с детства, ведь гинекологические проблемы у девочек могут впервые возникнуть уже с рождения.

При возникновении каких-либо симптомов, неприятных ощущений, нужно сразу же обращаться к врачу - ювенологу (это детский врач-гинеколог, который ведет прием пациенток до 18 лет) или врачу-гинекологу, который оценит состояние пациентки и направит к смежным специалистам – кардиологу, неврологу, урологу и другим. В 80% случаев жалобы связаны с психосоматическими состояниями: хронической усталостью, стрессом, жизненными переживаниями.

Важная физиологическая составляющая женщины – это гормоны, которые регулируют выше перечисленные состояния.

В женском организме все направлено на продолжение рода, поэтому гормональные нарушения играют важную роль. Процессы, еще пока не ставшие конкретным заболеванием, проявляются в изменениях гормонального фона, гормонального равновесия. Чаще всего они подтверждаются и в ходе клинического осмотра, результатов клинических анализов и из ультразвуковой диагностики.

Комплексное исследование позволяет составить картину по всем женским гормонам, в том числе по основным – эстрогену, прогестерону, гормону щитовидной железы – тироксину, важному гормону – пролактину, гормонам надпочечников, чтобы исключить заболевания, которые влияют на организм.

Женщины, могут быть достаточно активны в любой возрастной период - репродуктивный период, климактерический период, период менопаузы и постменопаузы. В эти интервалы



происходят определенные, в том числе гормональные изменения.

Каждой возрастной группе женщин, характерны определенные гинекологические проблемы и заболевания:

- до 30 лет – проблемы инфекций, бесплодия, нарушений менструального цикла, пластическая гинекология и интимная пластика;

- от 30 до 45 лет – вопросы и проблемы с опухолевидными образованиями, эндометриозом, послеродовыми травмами, патологией молочных желез;

- после 45-ти – климакс, генитоуринальный синдром (жжение, сухость, зуд во влагалище, болезненный половой акт), онкопатологии, прогрессирующее опущение органов малого таза;

- после 60-ти – вопросы по онкопатологиям, сексуальной дисфункции, прогрессирующему генитоуринальному синдрому.

Женщина может оставаться в прекрасном самочувствии и при ясной памяти далеко за 70 лет.

Конечно, есть прямая связь с возрастом женщины, ее гормональными фазами, жизненными функциями, задачами и образом жизни.

Мы не всегда имеем возможность в полной мере изменить свою жизнь, но улучшить ее, стабилизировать гормональный фон и тем самым, поддержать здоровье на высоком уровне – возможно, и для этого необходимо:

- Соблюдение сбалансированного и рационального питания (продукты, богатые клетчаткой, такие как

овощи и цельнозерновые, способствуют здоровью кишечника и, как следствие, поддерживают гормональный баланс; белки животного и растительного происхождения обеспечивают строительные элементы для производства гормонов).

- Употребление такого количества еды, которое необходимо организму (не голодать и не переедать).

- Отказ от перекусов и поедания фастфуда на ходу.

- Ограничение употребления чая и кофе, преимущественное употребление травяных настоев и свежевыжатых соков. Отказ от энергетических напитков. Потребление достаточного количества воды.

- Контроль над весом.

- Не забывать полноценно высыпаться. Сон на твердой и ровной постели.

- Закаливание и утренняя гимнастика. Контроль за осанкой.

- Гимнастика для глаз, регулярный отдых от компьютера (особенно если работа связана с ним).

- Регулярная физическая активность (танцы, йога, ходьба, плавание)

- Избегание вредных привычек.

- Посещение бани или сауны. Массаж тела.

- Ароматерапия и использование силы масел для улучшения самочувствия.

- Управление стрессом – не давать стрессу взять верх над собой. Стараться отпустить негативные ситуации и события, а не проживать их снова

и снова - своевременно закрывать эмоциональный гештальт.

- Научиться медитировать – это помогает отдыхать и отпускать тревожные мысли.

- Повышать собственную самооценку (полюбите себя, хвалите себя, боритесь с неуверенностью и страхом, отпустите прошлые обиды и негативные убеждения).

- Достигать своих целей, не игнорировать желания и мечты.

- Заниматься тем, что нравится (при затруднениях можно пройти тестирование на профориентацию и склонности).

- Не забывать брать отпуск и выходные.

- Заниматься творчеством. Оно помогает выражать эмоции и смотреть на мир под другим углом.

- Не игнорировать положительные эмоции, побольше радоваться, смеяться.

- Обеспечивать комфортную и спокойную обстановку дома, в семье и на работе.

- Делать ежедневные дела под приятную музыку и извлекать энергию из нее (417 Гц., 432 Гц.)

- Дарить себе и окружающим новые приятные впечатления и эмоции.

- Смотреть на мир с позитивом.

Регулярное посещение врача + скрининговые обследования целевых групп (это профилактический медицинский осмотр здоровых лиц определенного возраста) обеспечит своевременные выявления факторов риска и заболеваний на ранних стадиях, а также подбор комплекса профилактических мер и лечения.

Женское здоровье – очень хрупкая вещь, именно поэтому его намного проще сохранить, чем восстановить. Берегите свое здоровье! Заботьтесь о нем!

Счастливая и уверенная в себе женщина – прекрасна, не зависимо от объема талии и бедер!

Дорогие мои женщины - будьте счастливы всегда!

**С заботой и вниманием,
доктор-гинеколог
ТОО «NEIRON MED»
Коломина И.А**

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ - ДЕНСАУЛЫҚ!

Халқымызда «Ауырып ем іздегенше, ауыр-майтын жол ізде» деген сөз бар: Денсаулық дегеніміз – адам жаны мен тәнінің амандығы, өмірдегі баға жетпес құндылықтарының бірі.

2 сәуір күні «Neiron-med» ЖШС Ақтау қалалық филиалының кардиолог-дәрігері Асхат Мақмутханұлы Қыдырбаев «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде компания қызметкерлеріне арналған «Артериальды гипертензия, асқынуды, инсульт және миокард инфарктысы, жүрек - өкпе реанимациясы» тақырыбында лекция оқыды.

Асхат Мақмутханұлы манекен қолдану арқылы тыңдаушыларға практикалық сабақ өткізіп, қызметкерлердің тақырып бойынша қойылған көптеген сұрақтарына жауап берді.

Бұдан бұрын «Neiron-med» ЖШС кардиологтары компаниямыздың Жетібай және Қаламқас кен орын-

дарында жүрек және қан тамырлары ауруларының алдын алу мақсатында мұнайшыларды қабылдап, тексеруден өткізді.

«Жүрек-қан тамыры аурулары әлемнің көптеген дамыған елдерінде денсаулық сақтаудың басты проблемаларының біріне айналып отыр. Ол көбіне ересек адамдарды не мүгедектікке шалдықтырады, немесе өлімге әкеліп соқтырады. Жалпы өлім-жітімнің 52 пайызын жүрек-қан тамыры аурулары құрайды. Еуропада жыл сайын осы ауру салдарынан шамамен 3 миллион адам қайтыс болса, Ресейде 1 миллион адам, ал Қазақстанда 80 мың кісі осы аурудан көз жұмады. Жүрек-қан тамыры ауруларына әкеліп соқтыратын басты себептер қандай? Басты себеп адамдардың өз денсаулығына көңіл бөлмеуінен десек, сонымен қатар жағымсыз экологияның да салдары жетерлік. Әсіресе, соңғы жылдары инфаркт пен инсульттен болатын өлім тым жиілеп барады. Оның



негізінде, атеросклероздан басқа, адамдардың жүйке жүйесінің шаршауы, олардың дәріменсіздікке ұшырап, депрессияға түсуі» дейді дәрігерлер.

Сапалы өмір сүру үшін деннің саулығы аса маңызды екені, дені саулық – жаны сау екені бесенеден белгілі. Сондықтан денсаулықты сақтау – өз қолымызда екенін ұмытпайық, ағайын!

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Наурыз мерекесіне орай өткен спорттық шаралар



«Жетібаймұнайгаз» ӨБ

1	Шағын-футбол	1 орын	ҚҚҰЦ	
		2 орын	МГӨЦ-3	
		3 орын	МГӨЦ-1	
		Үздік шабуылшы	ҚҚҰҚ	Түзелбаев Нұрым
		Үздік қорғаушы	МГӨЦ-3	Меңдібаев Аслан
		Үздік қақпашы	МГӨЦ-1	Нәбиев Әділ
2	Волейбол	1 орын	МГӨЦ-1	
		2 орын	МГӨЦ-3	
		3 орын	ӨБП	
		Үздік ойыншы	МГӨЦ-1	Жалғасбаев Мырзабек
		Үздік либеро	МДжӨЦ	Шадыбаева Ұлболсын
3	Гір тасын көтеру	1 орын	МЭМ ЖШС	Демесинов Асылбек
		2 орын	Жетібай тұрғыны	Сақтағанов Марат
		3 орын	Күзет	Ибрагим Ербол
4	Арқан тарту	1 орын	Жетібай жастары	
		2 орын	М-тех сервис ЖШС	
		3 орын	ОСК ЖШС	
5	Қазақша күресі	1 орын	МЭМ ЖШС	Демесинов Асылбек
		2 орын	Жетібай тұрғыны	Жаманқұл Сенат
		3 орын	МГӨЦ-2	Олжабаев Сәуірғали
6	Қол күресі	1 орын	ОСК ЖШС	Шолпанов Ыбырай
		2 орын	МЭМ	Демесенов Асылбек
		3 орын	Жетібай тұрғыны	Нәбиев Муратбек
7	Қой көтеру	1 орын	МЭМ ЖШС	Демесинов Асылбек

Бас кеңсе бойынша:


1	Шағын-футбол	1 орын	Басшылық құрам	
		2 орын	КҚД	
		3 орын	ӨГжКОИД	
		Үздік шабуылшы	ӨСД	Тумаев Мерей
2	Кір тас көтеру	Үздік қорғаушы	Бас директорының өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары	Елеусинов Марат
		Үздік қақпашы	ӨГжКОИД	Жубаниязов Саламат
		1 орын	ӨТД	Жумабаев Наурызбек
3	Арқан тарту	2 орын	ААТжБД	Джаликов Марат
		3 орын	БЖжЭТД	Тулебаев Канатқали
		1 орын	КҚД	
4	Қол күресі	2 орын	ММГ құрамасы	
		3 орын	БЖжЭТД	
		1 орын	ӨСД	Тумаев Мерей
2 орын	КҚД	КФ ЖШС		Байжанов Тугел
				Жумажан Мирас

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ 1 вахта

1	Шағын футбол	1 орын	ГӨДжТЦ	
		2 орын	МҚЖӨҚКЦ	
		3 орын	АСАҚ	
		Үздік шабуылшы	ГӨДжТЦ	Новиков Андрей
		Үздік қорғаушы	АСАҚ	Мусаканов Даурен
		Үздік қақпашы	МҚЖӨҚКЦ	Иманқұлов Манам
2	Волейбол	1 орын	ҚҚҰЦ	
		2 орын	МГӨЦ-4	
		3 орын	МГӨЦ-1	
		Үздік ойыншы	ҚҚҰЦ	Ашыққалиев Айтбай
		Үздік либеро	МГӨЦ-1	Қайырмағанбетов Аманжол
3	Гір тас көтеру	Үздік байланыстырушы	МГӨЦ-4	Хасанов Асылжан
		1 орын	МГӨЦ-1	Нағыбаев Бақтыбай
		2 орын	ОСК ЖШС	Бекбосинов Ерке
4	Арқан тарту	3 орын	БТҚ ЖШС	Балғабаев Мерей
		1 орын	БТҚ ЖШС	
		2 орын	ОСК ЖШС	
5	Қазақша күресі	3 орын	МГӨЦ-4	
		1 орын	Құнан сервис ЖШС	Зулхарнаев Мұхаммед
		2 орын	Дунай ЖШС	Сағынғалиев Жасұлан
6	Қол күресі	3 орын	Дунай ЖШС	Жаманқұл Санат
		1 орын	КМДжАЦ	Бақытжанұлы Дінмұхаммед
		2 орын	БТҚ ЖШС	Қонысов Орынбек
7	Қой көтеру	3 орын	ОСК ЖШС	Аманқос Айдос
		1 орын	ОСК ЖШС	Мырзатаев Кенжебек

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ 2 вахта

1	Шағын футбол	1 орын	КМДжАЦ	
		2 орын	МГӨЦ-2	
		3 орын	МГӨЦ-3	
		Үздік шабуылшы	МГӨЦ-2	Мадеш Жасұлан
		Үздік қорғаушы	КМДжАЦ	Шаукеров Болатбек
		Үздік қақпашы	МГӨЦ-2	Іңірбаев Жалғас
2	Волейбол	1 орын	МГӨЦ-2	
		2 орын	ҚҚҰЦ	
		3 орын	Ардагер	
		Үздік ойыншы	МГӨЦ-3	Жалмағамбетов А
		Үздік либеро	Газ Цех	Есіркепов Куан
		Үздік байланыстырушы	МГӨЦ-2	Арманд Мажит



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500